

expand children's horizons, knowledge, and acceptance of other cultures and values; prepare students for continuing education in the chosen specialty; develop and improve linguistic and communicative competencies through the study of a foreign language.

References

1. https://en.wikipedia.org/wiki/Content_and_language_integrated_learning
2. Coyle D. Content and Language Integrated Learning Motivating Learners and Teachers: <http://blocs.xtec.cat/clilpractiques1/files/2008/11/slrcoyle.pdf>
3. Laletina T.A. An integrated approach and the use of subject-language integration in teaching a foreign language. [Electronic resource] Access mode: http://conf.sfukras.ru/uploads/3_Laletina%20T%5B1%5D.A.pdf
4. Thompson T., Simmons N., Family and Friends, Oxford University Press, 2015.

Т. Б. Ақылжан

torgn_kz@mail.ru

Б. К. Билялова

bakyt.bilyalova@mail.ru

Қарағанды қаласы «№78 негізгі орта мектебі» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ІСКЕ АСУ ЖОЛДАРЫ

Әр дәуірдің өз талап-тілегі бар. Жаһандану дәуірі-заманның көшінен қалмау. Осы тұрғыда қабылданған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы технологиялық тұрғыда дамуға қол жеткізеді. IT бағдарламалар шығындарды азайтып, уақытты үнемдеуге көмектеседі, адамдар өзара ақпарат, тауар және қызмет түрлерін алмаса алатын болады.

«...Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл–маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты. Цифрландыру дегеніміз-Қазақстанның озық ел атану жолындағы мақсат емес, құрал. Бәсекеге қабілетті болу, өсімді, өнім өндіруді арттыру, міне, осы–мақсат», – дей отырып, Елбасы Н. Назарбаев өзінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жасаудың қажеттілігін айқындап берді.

Бағдарламаның бес негізгі бағыты бар				
Бірінші бағыт	Екінші бағыт	Үшінші бағыт	Төртінші бағыт	Бесінші бағыт


<p>Экономика салаларын цифрландыру" - еңбек өнімділігін арттыруға және капиталдандырудың өсуіне алып келетін озық технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, ҚР экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыты.</p>	<p>"Цифрлық мемлекетке көшу" - қажеттіліктерін күні бұрын біліп халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру бағыты.</p>	<p>"Цифрлық Жібек жолын іске асыру" - ішкі контур үшін де, ҚР транзиттік әлеуетін іске асыру үшін деректерді берудің, сақтаудың және өндеудің жылдамдығы жоғары және қорғалған инфрақұрылымын дамыту бағыты.</p>	<p>"Адами капиталды дамыту" - жаңа жағдайға - білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру бағыты.</p>	<p>"Инновациялық экожүйені құру" - бизнес, ғылыми сала және мемлекет арасындағы орнықты көлденең байланыстар мен технологиялық кәсіпкерлік пен инновацияны дамыту үшін жағдай жасау бағыты.</p>
--	---	--	--	---

Цифрландыру–бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халқының тұрмыс сапасын жаңа деңгейге көтеруді мақсат тұтқан әлем мемлекеттері жаппай ұстанып отырған тренд. Аталған айтулы үрдіске ілеспеген, ең бастысы бел шешіп кіріспеген жағдайда, мемлекеттің болашағы бұлыңғыр болатындығы сөзсіз. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдер экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты. Осыған орай «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы басты бағыт беруші құжат болып табылады. Цифрлық индустрияны дамыту басқа барлық салаларға серпін береді.

Тұтастай алғанда, бағдарламаның басты мақсаты – қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру әрі ұлттық экономиканы цифрландыру. [3, 3, 4-6.]

Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі күні бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады. Білім саласындағы цифрландыру мәселесі «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының төртінші бағытына, «Адами капиталды дамыту» үрдісімен сабақтасады. «Адами капитал» ұғымын алғаш рет ғылыми ортаға енгізген Нобель сыйлығының иегері, экономист Теодор Шульцтерминге «Адам бойындағы барлық қабілет туа бітеді немесе өмірлік дағдымен қалыптасады. Тиісті қаржы бөлу арқылы дамытылатын адам бойындағы туа және жүре қалыптасқан құнды қабілеттерді адами капитал дейміз» сынды анықтама берген-ді.[2, 4-6.]

Ендеше капитал дегеніміз – табыс әкелетін құндылық. Табыс әкелмеген кез келген байлық капитал бола алмақ емес. Демек адами капиталға айналмаған жан бәсекелестікке қабілетті болмайтындығы түсінікті жайт. Адам капиталын дамыту үшін Қазақстанда сапалы кадрлық әлеует құру керек. Сол себепті «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасында орта, техникалық және кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру шаралары қарастырылған. Демек, білім және ғылым саласын цифрландыруды дамыту бойынша елде үш бағытта жұмыс атқарылып жатыр:



Адами капитал деген не? Әдетте, капитал десе ойымызға қаржы, байлық, ақша, құн, мұнай, газ, алтын мағынасында түсінік келеді. Ал бүгінгі күні адам капиталы дегеніміз–адамның бойындағы білімі, қабілеті, тәжірибесі, даналығы, іскерлігі, бәсекелестік замандағы оның адамдық, кәсіби құндылығы. Адами капитал–білім саласын дамыту негізі. «Білім экономикасын» қалыптастыру мен дамытудың басты факторы креативтік және инновациялық адами капитал болып табылады. Адами

капиталды таңдау еңбек өнімділігін, өмір сүру деңгейін, білім беру сапасын, денсаулық сақтауды, демалу саласы мен мәдениетті арттыруға негізделген ұлттық саясаттың жаңа принциптерін құру қажеттілігін айқындайды.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. [1, 15-б.]

Ендеше тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін цифрлық сауаттылық қажет, ол-адамның күнделікті және кәсіби қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білуі. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша оқушыларға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр. Адамның үнемі ізденіске, жаңалыққа ұмтылуы ол физиологиялық құбылыс.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс-оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі– педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.

Осы қойылаған талаптарға біздің мектептің мұғалімдері бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасы жоғары, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі сай келеді деп ойлаймын. Әрбір ұстаздың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Интернет желілерін пайдаланып, соның ішінде қазіргі мұғалімдерге қолжетімді «BilimLand» сайтынан көптеген видеосабактар көрсету арқылы оқушыларды қызықтырып, сабақты қызықты өткізуге зор мүмкіндіктер туғызады. [4, 2-б.]

Ақпараттық технологияларды қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін өзге ұлт өкілдеріне оқыту үдерісінде пайдалану оқушылардың жан-жақты білім алуына жол ашып, мемлекетіміздің үш тұғырлы тіл саясатына сай жақсы, жан-жақты дамыған оқушы иесі ретінде танылуларына негіз бола алады. Білім берудегі мақсат тек білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру керек екенін баса айтқан жөн.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде АКТ құралдары: интерактивті такта; мультимедия; интернет кеңістігі, электронды оқулықты қолдану болып табылады. Ал оқушылар интербелсенді тактаға назар аудара отырып, өткізіліп отырған сабақтарын ұтымды түсінуге мүмкіндік алады. АКТ — топтағы оқушылардың оқыту үшін құнды құрал. Бұл жаңа материалды өте қызықты түсіндіруге көмектеседі. Жаңа технология жәрдемімен үлкен жетістіктерге жетуге болады.

АКТ қолдану арқылы жүргізілетін жұмыстар:

1. Оқушыларды өз бетінше жұмыс жасауға үйрету.
2. Оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыру.
3. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.
4. АКТ арқылы оқушының жеке тұлғасын дамыту. [2, 1-б.]

Әр сабақты түрлендіріп, қызықты өткізуге көмектесетін, оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыратын АКТ пайдалану өте тиімді болады. Сабақта АКТ – ны қолданудың келесі түрлері бар:

1) Мультимедиялық құралдармен жұмыс жасау. Бұл тәсіл сабақты түрлендіруге мүмкіндік береді: иллюстрация, аудио, бейнематериал арқылы.

2) Компьютерлік презентация қолданумен өткізілетін сабақтар. (Бұған жаңа материалды түсіндіру, қорыту, жинақтау сабағы, дәріс-сабағы, ғылыми конференция сабағы, т.б. сабақтар кіреді).

3) Жоба қорғау сабақтары (оқушылардың шығармашылық потенциалын іске асыру тәсілі).

4) Компьютерлік қадағалаумен өткізілетін сабақтар сабақтың әр түрлі кезеңінде оқушылардың білімін тексеруге мүмкіндік береді.

АКТ қолданудың бір түрі – презентациямен жұмыс істеу болып келеді. Яғни, презентация – бұл слайд түрінде берілген материал: кесте, сызба, бейнематериалдар. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті

тақтаны пайдаланғанда: тақырыпты оқып үйретеді; дұрыс сөйлеуге; ережелерді сызбалар арқылы түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі. Ақпараттар түрлі жолмен беріледі: 5-сыныпта «**Менің мектебім. Мектеп ғимараты**» аясын өткенде оқушыларға сабақтың мақсатына сай оқулықтағы материалдан басқа қосымша тапсырмалар, жаттығулар беруге болады. Нақтырақ айтсақ, флипчарт арқылы:

I. Сабақтың тақырыбы ашу: сөзжұмбақты пайдалану (жасырын сөздер сурет арқылы берілген);

II. Жаңа сөздермен танысу кезеңі

Балалар оқыған мәтіндерінен теріп жазған жаңа сөздерді салыстырады.

III. Интерактивтік тақтамен жұмыс: Әр түрлі тапсырмаларды интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалана отырып тиімді орындады

IV. «Біздің кітапхана» суретін тамашалай отырып, алған әсерлері бойынша кітапхана тақырыбы бойынша өздерінің ой-пікірлерін эссе жазу арқылы сабақты қорытындылай алады.

Орыс мектептерінде жаңа сөздердің көбі баланың есінде қалмайды, оның себебі, сөзді түсінбеуде, түсінбеген сөз қабылданбайды, баланың ойында сақталмайды. Бірыңғай түсіндіру, сөз әдісін қолдану оқушы іскерлігін дамытпайтындығын тәжірибе көрсетті. Сондықтан интерактивті тақтаны сабақта дидактикалық оқыту құралы ретінде пайдалану керек. Интерактивті тақтаны тәжірибеде кеңінен қолдана отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады.

- оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- қарым-қатынас дағдыларын дамытады;
- оқу процесін жекешелендіреді және ерекшелендіреді;
- оқушылардың ойлау қабілетін дамытады;
- тақта арқылы сабақта әртүрлі тиімді әдістерді қолдануға мүмкіндіктер ашылады.

Электрондық оқулық таңдап алынған хабарды көшіруге мүмкіншілік туғызады. Электрондық оқулықтың ең қажет мүмкіндігі аудио-хабарлар. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тындатып көрсетуге болады. Бұл, әрине оқытушының тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Оқу үрдісінде электрондық оқулықты қолданудың маңызы өте зор. Тіл үйренуші электрондық оқулықпен сабақ бойы үздіксіз байланыста болғандықтан тілді меңгеруіне үлкен мүмкіндіктері бар. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. [5, 3-б.]

АКТ-ны қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында енгізгенде мынадай нәтижелерді көруге болады:

1. Пәнге деген қызығушылық, сабақта оқушылардың өз бетімен жұмыстануының артуы.
2. Оқушылардың сабақта өздерін еркін ұстауы.
3. Оқу үрдісіне әр оқушының белсенді қатысуын қамтамасыз ету.
4. Оқушылардың танымдық шығармашылық деңгейін арттыру.
5. Цифрлық сауаттылығының артуы.

Мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйтқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын, танымдылығын дамытады. Сондай-ақ видео мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады. Презентациялар бір жағынан оқушыларға жаңа материалды (иллюстрация, фотосуреттер, бейнелік, дидактикалық материалдар, т. с. с.) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін жеңілдетеді. Видео - сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Оқушылардың ақпаратты теледидар, компьютер және т. б. техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтынын жақсы білеміз. [6, 3-б.]

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Қазақ тілі мен әдебиеті пәніне оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану сол тілге оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ақпараттық коммуникативті технологиялар оқушының жаңа ақпаратты меңгеріп, өз бетімен ізденуіне, пәнге деген

қызығушылығын арттыруда, мектепте алған білімін күнделікті өмірде жасқанбай қолдануға септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім туралы заң. Алматы, 2007 ж.
2. С.Т. Мұхаметжанова, Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008 ж.
3. egemen.kz сайты
4. bilimainasy.kz сайты
5. aikyn.kz сайты
6. Аюбаева Т. Ақпараттық технологияларды оқыту үрдісінде. Қазақстан мектебі 2008, № 11,50 б

Фарида Сулейменовна Нурышова

№69 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Нұр-Сұлтан қ.

ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ РӨЛІ

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», - деп ұлы ұстаз Аристотель айтқандай, білім мен өнер болашағымыздың жарқын болуына бірден-бір кепіл. Қазіргі қиын сәтте сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда мұғалімнен асқақ шеберлікті, аса білімпаздықты, ізденісті, жаңашылдықты талап етіп отыр. Елімізде жүріп жатқан пандемияға байланысты қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін әр бір педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі жүйесін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындауы шарт.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендімейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес. Оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін кері байланыс арқылы білеміз. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек. Рефлексия мақсаты-еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Мұғалім оқушының кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын-ала біледі. Сонымен қатар кері байланыс парағы арқылы оқушының үніне құлақ түріп, оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап, келесі оқытуға бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады. Осы орайда қашықтықтан білім берудегі педагогке оқушының оқу жетістігін бағалауға болатын төмендегі тек онлайн емес сонымен қатар офлайн жүйесінде де кеңінен қолдануға болатын платформалар жүйесін ұсынғым келеді.

Google forms- өте аз уақыт ішінде тыңдаушыларға арналған онлайн-тест, кез келген сауалнама, шақыру хаттарын, бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарын, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстарын алуда өте тиімді болып табылады. Оқушылар кез келген жерде жүрсе де сілтемені ашу арқылы берілген тапсырманы орындап жіберуге мүмкіндігі мол. Бастысы, бұл аталған жұмыстарды тез және тегін жасауға болады. Кері байланысқа келер болсақ, ұстазға да, оқушыға да өте ыңғайлы. Мұғалім арнайы ұпай санын көрсетсе, жұмысты аяқтаған бетте оқушы жұмыс нәтижесін бірден көре алады. Егер мұғалімге оқушылардың жауаптары қажет болса, Exsel форматында дайын жауаптарды көшіріп алуына да болады.

Microsoft Teams- бұл командалар, сыныптар немесе топтар үшін файлдармен сөйлесуге, бөлісуге және бірлесіп жұмыс істеуге арналған орталық нүкте. Мәтіндік чаттан басқа, сіз бейне қоңырау шалуға және экранмен бөлісуге болады. Мұның бәрін нақты жобаларға, топтарға немесе сыныптарға арналған әр түрлі арналарда жасай аласыз. платформаның артықшылығы тек сабақты қызықты етіп өткізіп қана қоймай, сонымен қатар, әр білім алушымен жеке-жеке кері байланыс орнатуға болады.

Learning apps-бұл бағдарлама арқылы біз сабақты ойын түрінде өткізіп қана қоймай, сонымен қатар оқушының жұмысының нәтижесін бірден көруге болады. Сөзжұмбақтар, миллион кімге